# Ата-аналар жиналыс хаттамасы

# 2024-2025 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

**« Шомшақты жалпы білім беретін мектеп» КММ**
**1-11сынып оқушыларының ата- аналарымен кезекті жиналысы**

**Хаттама №1**

**06.09.2024ж.** **Зертас ауылы**

**Күн тәртібінде:**

1.«Кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?» тақырыбындағы баяндама

2.Ата-аналарға АПБ ЖПҚБ ЮПТ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты С.Амировтың кибербуллинг,буллинг туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуі.
3.Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

**Тыңдалды:**
11-сынып жетекшісі Балқыбекова Лаура «Кибербуллинг: «Балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Баяндамада буллинг дегеніміз - адам құқығының өрескел бұзылуы. Сонымен қоса бір адамның немесе адамдар тобының екінші адамға қасақана және үнемі зиян келтіруі екендігі айтылды.Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқыту, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды. Ғаламтордағы қауіп-қатермен күресте ата-ананың рөлі маңызды.Сондықтан, ата-аналарға интернеттегі қауіп туралы айтылып, мінезіндегі кез-келген өзгерісті бақылау ұсынылды.

2- мәселе бойынша АПБ ЖПҚБ ЮПТ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты С.Амиров ата-аналар мен оқушыларға кибербуллинг,буллинг туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. ҚР «Баланың құқықтары туралы» заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтары» туралы конвенция түсіндірілді, балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың ( булинг, кибербулинг) алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу керектігі айтылды.
Ата-анабаласыныңинтернеттен не көретініпбіліпжүруікерек. Олартүрліресурстықолданады, сөйлеседі, видео көреді. Балағакибербуллингтің не екенінтүсіндірукерек. Кіммен сөйлесетінін сұрап, бейтаныс адамдардың хатына жауап бермегені дұрыс екенін айту қажет.Әрбір ата-ана өз ұл-қыздарының күмәнді желілерге кіріп, қаскөйлердің құрбаны болғанын анықтаса, оларға ұрыспай, барынша қолдау көрсеткені жөн. Балаға оны түсінетінін жеткізе отырып, оны жұбату қажет.Сонымен қатар ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға күш салу керектігін атап өтті.АПБ ЖПҚБ ЮПТ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты С.Амиров оқушылардың түнгі мезгілде көшеде әсіресе, компьютерлік ойынханаларда жүрмеуі, жол жүру ережелерін сақтау, өзінен кіші оқушыларға әлімжетік жасамау, сабақтан тыс уақытта ата-аналардың балаларға көңіл бөліп қадағалау керектігін айта кетті.

Scanned with CamScanner Сканировано с Ca

Сканировано с CamScanner

3. Сынып жетекшісі қауіпсіздік ережелерімен ата - аналарды таныстырып, жолда бала сақ жүруіне, абай болуына ата - аналарға үгіт - насихат жұмыстар жүргізді.

**Сөйлеушілер:**

Ата-ана: Жанна апай бүгінгі айтылған мәліметтердің маңызы зор екендігін, баланың тәрбиесіне ата-анасы жауапты екендігін айта келіп,баланыңбойына жақсы қасиеттерді сіңіруіміз керек деп өз ойын түйіндеді.

Ата-ана: Айдана Есалиевна кибербуллинг,буллинг туралы ақпараттық мәлімет алғандығын, алдағы уақытта баланың білімі мен тәртібіне әрбір ата-ана жауапты екенін естен шығармайық деп өз ойын нақтылады.

Ата-ана: Салыбеков Тұрсынқожа ҚР «Баланың құқықтары туралы» заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтары» туралы конвенциямен таныс болғандығын, ұялы телефондарын үнемі тексеріп отыру керектігін, күмәнді сайттар болса тез арада алдын- алу шараларын ұйымдастыру керектігін айтты. Оқушылар арасында булингке жол бермау мақсатында үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізіп балаларын қадағалауға ата-аналарды шақырды.

**Қаулы**

1.Оқушылардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына көңіл бөлінсін.
2.Ғаламтордағы қауіп-қатермен күресте ата-ананың рөлі маңызды екендігі ескерілсін.
3. Өмір қауіпсіздігі, санитарлық талаптар сақталынсын.

Мектеп директоры: Қ. Қаратаев

Хатшысы: А.Бейсеева

Сканировано с Cam

Сканировано с CamScanner

«Шомшакты жалпы білім беретін мектеп» КММ

**«Бала тәрбиесі - баршамызға ортақ»**

тақырыбында өткен жалпы ата-аналар жиналысы

**№2 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 29.09.2024 жылы сағат 12.00-де

**Қатысқандар:** Мектеп әкімшілігі,"Қамқоршылық кеңес" мүшелері, ата-аналар комитеті, 61 ата-ана, мектеп медбикесі

**Өткен орны:** Спорт залы

**Күн тәртібінде:**

1. «Мектептің ішкі тәртіп ережелері»– мектеп директоры / Қ.Қаратаев /
2. «Қылмыс және құқықбұзушылық, әлеуметтік желідегі діни экстремизмнің алдын алу, буллинг» – дінтану пән мұғалімі /Д.Турта /
3. «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» – педагог-психолог /Н.Амирханова /
4. «Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны» – кәсіптік бағдар беруші педагог / Қ.Найзабаев /
5. «Ерте жүктіліктің алдын алу» – мектеп медбикесі / Г. Реакбаева /

**Тыңдалды:**

Жиналыс төрағасы мектеп директоры Қ. Қаратаев күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстыра келе,жиналыстың мақсаты туралы түсіндірді.

24 қыркүйек күні ҚР оқу ағарту министрінің тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры М.Медетбекованың онлайн өткізген жиналысында көтерілген мәселелелерді айта келіп,"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында атқарылатын жұмыстарға,сол сияқты мектептің ішкі ережелері туралы,яғни мектептегі оқушы формасының сақталуы,жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, буллинг пен қылмысқа жол бермеу, кешкі уақыттағы оқушылардың қозғаластарын шектеу жайында өз баяндамасында кеңінен түсіндіре отырып,1-кезекте баланың қауіпсіздігі,баланың қадағалауда болуын талап етті.Әсіресе,әлеуметтік желі арқылы келіп жатқан қауіпті ,баланы өзіне тартып алатын сайдтар туралы айта келіп, арнайы 1,5-2 минуттық бейнеролик көрсетті.

Келесі кезекте сөз кезегін алған дінтану пән мұғалімі Д. Турта «Қылмыс және құқықбұзушылық, әлеуметтік желідегі діни экстремизмнің алдын алу, буллинг» атты баяндамасында қоғамдағы қазіргі дертпен тең қылмыс,діни экстремизм жайында талдап айта келіп,баса назар аударатын дүниелерді бақылауда ұстап, мектеппен тығыз байланыста болуды ұсынды.

Сканировано с CamScanner

Мектеп педагог-психологы Н. Амирханова да , «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» баяндамасында қоғамның тағы бір дерті,ол алкоголь мен есірткі заттарын

қабылдап, денсаулығына және психикасына зиян келтіру, ішкі эмоциналды куатын шығару негізінде адамның өз-өзіне қол жұмсау себебіне, соңы өлімге әкеліп соғатын жағдай екенін жалпылама талдау жасай келе мәлімет берді. Арнайы әзірленген 3-4 минуттық бейнеролик көрсетілді.

Мектептің кәсіптік бағдар беруші педагогы Қ. Найзабаев «Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны» атты баяндамасында: "Ата-аналар балаларының физикалық.психикалық,зияткерлік дамуында олардың денсаулығына камқорлық жасауы керек.Себебі,онлайн ойындарға тәуелді балалардың психикасы үшін психикалық нормадан ауытқу қаупі бар.Қорыта айтқанда,бала өз отбасында камқорлық көріп өсу керек"- деп түйіндеді.

Мектеп медбикесі Г. Рсакбаева «Ерте жүктіліктің алдын алу»жайында,оның қауіп-қатері өте зор және жауапкершілігі мол іс екенін тілге тиек етті.Жасөспірімдер бір ғана шалыс басқан істің артында үлкен қауіп-қатердің бар екенін біле бермейді. Сондықтан аналар үйде қадағалап,сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізіп,мәлімет беріп отырсақ,олардың уақытын тиімді пайдалы етіп өткізсе,аналар жолымен жүрсе деген ой-пікірімен бөлісті. Сондай ақ,11жастап бастап қыз балаларға салынатын АПВ-ға қарсы егу жұмыстары жайында да қосымша ақпараттар берді.Ата-аналардың қосымша сұрақтарына жауап берілді.

Қорытынды сөзді мектеп директоры Қ. Қаратаев қайта алып,мектепте атқарылып жатқан соңғы жаңалықтарға тоқталды. Бір сағаттан асқан жиналыс төмендегі шешімге келді.

**ШЕШІМ:**

1. Барлық ата-аналар мектептің ішкі тәртіп ережелерін орындауға міндетті және мектеп формасын сақтауға ата-аналар жауапкершілікпен қарасын;
2. Оқушылардың сабақтан тыс уақытына, яғни бос уақыттарын тыйымды пайдалануына,сонымен қоса, кешкі уақыттары мен өмір қауіпсіздігіне ата-ана жауапты болып табылсын;
3. Мектеп оқушылары мектепке ұялы телефон алып келмеуін және оқушылардың ұялы телефондағы түрлі әлеуметтік желілердегі тыйым салынған сайттарға кірмеуін ата-аналар қадағаласын;
4. Мектеп әкімшілігі және КТІжПБ инспектормен бірлесе отырып жоспар бойынша рейдтер ұйымдастырылсын;
5. Осы шешімдерді орындамаған ата-аналардың балалары мектепшілік есепке алынсын.

Жиналыс төрағасы: Қ. Қаратаев

Жиналыс хатшысы: М. Оспанова

Сканировано с CamScanner